

деңгейде талдауда колдану мүмкіндіктері қарастырылады. Орыс тілі ұлттық корпусының оқыту әлеуеті негізінде А.С. Пушкиннің махаббат лирикасын зерттеу бойынша зерттеу жұмысының үзіндісі жасалды.

Түйін сөздер: орыс тілінің ұлттық корпусы; корпус әдістері; зерттеу қызметі.

Application of corpus techniques in teaching foreign students of russian language and literature

S.B. Begalieva^{1*}, E.S. Shmakova²,

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)*

²*M.H.Dulati Taraz Regional University (Taraz, Kazakhstan)*

Abstract

The present study presents the problem of using the teaching potential of the National Corpus of the Russian language in teaching Chinese philology students. The article positions work with the NCRA as an innovative technology in the teaching of RCT, a review of scientific sources is conducted for the expediency of using this tool in teaching Chinese philology students. The scientific article attempts to demonstrate the use of corpus techniques in the process of studying a literary work or a cycle of works by foreign students in order to increase the interest of students, as well as to stimulate their independent research activities, the formation of a scientific worldview and methodology of scientific thinking. The possibilities of using the National Corpus of the Russian language in the analysis of a literary text at various levels – the title, the image system, the linguistic level are considered. On the basis of the teaching potential of the National Corpus of the Russian Language, a fragment of a research work on the study of Pushkin's love lyrics has been developed.

Keywords: National Corpus of the Russian language; corpus methods; research activity.

Поступила в редакцию: 01.04.2022

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2022-2.2077-6861.25>

**М.Т. КОШАНОВА^{1*} Д.С. КАКАБАЕВА¹,
А.К. АБДИРКЕНОВА² Г.К. ТОККУЛИНОВА³, Ж.Т. КОШАНОВА⁴**

¹*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан, Қазақстан),*

²*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті (Қостанай, Қазақстан),*

³*Қайнар Академиясы (Алматы, Қазақстан),* ⁴*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті (Петропавл, Қазақстан),*

marash.koshanova70@mail.ru, dinara_s_82@mail.ru, akbidashabdirkenova@mail.ru, gulya_t@list.ru, zhazira29092009@mail.ru

МЕДИАТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ КРЕАТИВТІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІҢ ӨЗДЕРІНЕ ДЕГЕН СЕНІМДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада білімгердің өзіне деген сенімділігін арттыру үшін медиатехнологияларды креативті пайдаланудың жолдары мен ерекшеліктері теориялық және практикалық тұрғыда зерделенеді. Зерттеу барысында болашақ маманның өзін-өзі тану мәселелерімен айналысқан бірқатар шетелдік ғалымдардың көзқарастары мен кәсіби құзыреттілікті жетілдіруге орасан зор үлес қосқан қазақстандық ғалымдардың пайымдаулары қарастырылады. Әр түрлі аспектіде медиатехнологияларды креативті қолдануда

психикалық механизмдерді өзіндік реттеушілік, өзіндік сана мен «Мен» танымдық және эмоционалдық қарым-қатынаста өздеріне деген сенімділіктің ерекшеліктеріне, рөлінің мәні мен мазмұнына талдау жасалады. Сонымен қатар білімгерлердің алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне, «бағалау» дағдылары мен қабілеттерін анықтау үшін әлеуметтік ортаның даму жағдайларының маңызына және олардың өзіндік рөліне салыстырмалы түрде талдау жасалады. «Өзін белсендендіру», «өзін-өзі бағалау», «өзін-өзі анықтау», «өзін-өзі дамыту», «өзін-өзі тану» арқылы медиатехнологияларды тиімді пайдалану арқылы креативтіліктің өзіне деген сенімділікті қалыптастыруының жолы екендігі сараланады.

Түйін сөздер: креативтілік; өзін белсендендіру; құзыретті; өзіне деген сенімділік; өзін-өзі қамтамасыздандыру; медиатехнологиялар.

Кіріспе. Жаһандану заманындағы қоғам талабына орай белгілі бір мәселелер, өзара бірегей әсердің моделін жоғалтумен байланысты пайда болуы. Осы ретте, өздеріне сенімді, құзыретті мамандарды қалыптастырып, дамыту белсенділік сипатқа ие.

Қазақстан Республикасының білім беруді жаңғырту тұжырымдамасына сәйкес өндірістегі өзгерістерге икемделген және жылдам әрекет ете алатын, көп функционалды біліктер мен дағдыларды меңгерген, жедел өзгертін еңбек нарығының жағдайларына бейімделетін мамандарды даярлау қажет [1]. Заманауи әлеуметтік үдерістердің кешенді дамуы жастардың әлеуметтік-кәсіби дамуының мәселелерінің пайда болуына алып келеді. Олар: жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу қиындықтары; жастар ортасында қауіпті әлеуметтік тенденциялардың пайда болуы (маргиналды, мәдени және адамгершілік бағыттан адасу); әлеуметтік-психологиялық мәселелер (жалғыздық, әлеуметтік қақтығыстар, бейімсіздік) [2]. Нәтижесінде, жоғарыда аталған мәселелер жас маманның бойында ертеңге деген өзіне деген сенімсіздік туғызады. Бұл жағдай жастардың бойында өзін-өзі бағалау мен қоршаған ортамен қарым-қатынасында психологиялық қиындықтар туғызып, денсаулықтарына, рухани-адамгершілік күйлеріне әсер етеді. Кейбір жастардың әлеуметтік ортаға немқұрайлылық, түсінбеушілік көрсетуі олардың тұлғасында екі тарапты шектен тыс көңіл-күй мен іс-әрекеттің яғни, сенімсіздік пен агрессияның пайда болуына алып келеді [3]. Осы ретте, теориялық әдебиеттер мен тәжірибелерге

талдау жасау және қоғамдық-әлеуметтік құзырлыққа қажетті қайшылықтарды саралау арқылы біз жоғары оқу орындарының студенттерінің (*бұдан әрі, педагог-психологтер*) әлеуметтік кәсіби қалыптасуын фактор ретінде ала отырып, психологиялық-педагогикалық жағдайларды медиатехнологияларды креативті қолдану арқылы олардың өзіне деген сенімділіктерін анықтау мақсаты ретінде алып отырмыз. Біздің ойлауымызша, болашақ педагог-психологтердің медиатехнологияларды пайдалану арқылы кез келген тапсырмаларды креативті орындауы, олардың оқу-тәрбие үдерісінде эмоционалдық тұрғыда қызығушылықтары арттып, өзіндік сенімділіктеріне одан әрі ынталанады.

Қазіргі таңда адамдар осыдан бес жыл бұрын тек арнайы мекеме құрылғыларында қолжетімді болған жеке есептеу қуаттарын пайдалана алады. Барған сайын жеке мобильді және сымсыз құрылғылар ақпараттық қызметкерге ешбір кедергісіз және орналасқан жерінен тәуелсіз қол жеткізу үшін ғаламдық компьютерлік желіге интеграциялануда [4]. Бұл тұлғаның өзіне-өзі деген сенімділігін арттырып сендіруге мүмкіндік береді. Сендіру – адамның өз көзқарасын өзгелерге қабылдануға бағытталған іс-әрекеті. Сендіру адамның танымдық, сезімдік және ерік қасиеттерінің деңгейіне тікелей тәуелді; бір нәрсеге сенімділік; баланың сана, сезім, тәжірибесіне бағытталған тәлімдік әсер әдісі; ақпараттық қабылдаудың белгілі бір кезеңі [5]. Сондықтан жоғары оқу орындарының білім беру үдерісін ақпараттандыру негізінде студенттердің сенімділігін арттыру үшін, біз, медиатехнологияларды қолдана отырып,

қоғам мүшелерінің медиабілімді меңгерген мәдениетті тұлға ретінде қалыптасуы мен кәсіби біліктілігін жетілдіруді қамтамасыздандырамыз. Себебі, «Қазіргі заманғы өркениеттіліктің қоғамның өмір сүру дағдысының, адамзат тағдырының, табиғи орта жағдайының, әлеуметтік-мәдени және білім беру прогресінің ірі дағдарысына төтеп беру сауатты ғылыми шешімдерге тәуелді [6]. Демек, болашақ педагог-психологтердің кәсіби құзырлы, креативті болуын қамтамасыз ететін оқытудың жаңа парадигмасы олардың рухани әлеуетіне тікелей әсері мол креативтілікке деген қызығушылықтарын қалыптастырудың теориялық, әдіснамалық, дидактикалық тұғырларын айқындау міндеттерін басты мәселе ретінде шығарады.

Әдістері мен оны ұйымдастыру. Жоғарыда қарастырылған мәселелерді қазіргі жағдайда педагогика мен психологияның жетекші зерттеушілердің, яғни З. Фрейд, К. Юнг, К. Хорни, Э. Эриксон, Р. Бернс, И.С. Кон, Л.М. Попов, Дейл Х. Шунк т.б., ал, отандық ғалымдардан Б.А. Оспанова: жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде студенттерде креативтілікті қалыптастыру туралы; Г.И. Бейсенова: студенттердің шығармашылық іс-әрекетін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қалыптастыру; П.Б. Сейітқазы: болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үдерісіне дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері; Ғ.Б. Саржанова: ашық білім беру кеңістігінде студенттердің ақпараттық технологияларды пайдаланудың ғылыми-педагогикалық негіздері және тағы басқа зерттеулердің адамның әлеуетін пайдалану және дамыту мәселесі арқылы заманауи жағдайда сапалы жаңа жолмен шешу тұжырымдамаларына детерминделеді. Бұл аймақ бойынша шетел зерттеушілерінің ауқымды материалдары жинақталған. Олар гуманистік психологияның дәстүрлеріне және тұлғаның өзін-өзі танытуына, адамдық әлеуетін жүзеге асыруға негізделеді. А. Маслоу «денсаулық психологиясын» құрудың қажеттігін айтқан болатын. Оның тұжырымдамаларының негізгі ойлары

ретінде өзінді жүзеге асыруың үшін саған міндетті түрде тәртіп, мұқтаждық, азап көру деген ережелердің мазмұнынан тұрады. Бұл түйсіктер салауатты түрде өзін-өзі сыйлау мен өзіне деген сенімділікпен байланысты. А. Адлердің «адамның өзіне сенімсіздігінен сенімділік пайда болады» деген пайымдауын бұл ойдың жалғасы ретінде қарастыруға болады. А. Адлердің «өзін кем сезіну» теориясы тұлғаның кем сезіну сезімінің қалыптасуына алып келетіні оны танымал етті. Өзін жек көретін адам тәкәппарға қарағанда басқаша әрекет етуге икемді. Ол, «Мен» – ұғымын қалыптастырып, өзін-өзі бағалайды. Қазіргі таңда бұл идеялар қоғамның валеология мен толеранттылық сұрақтарын мемлекеттік маңызы бар деңгейде насихаттауға байланысты өзекті мәселе болып отыр. «Сол себепті ақпараттық технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби даярлығына қойылатын талаптар қатарына енуде [7]. Жоғарыда қарастырған авторлардың тұжырымдамаларына сүйене отырып, біз болашақ педагог-психологтердің медиатеологияларды креативті пайдалану арқылы өзіндік сенімділіктерін қалыптастыру арқылы құзыреттілігін қалыптастырып, бәсекеге қабілеттілігін жетілдіруге болатындығын анықтадық.

Тұлғаның өзін-өзі және алғашқы ақиқатты тануы мен рухани құндылықтарының мазмұнының идеясы Н.А. Бердяев, И. Кант, В. Лейбниц, Б. Спинозаның философиялық еңбектерінде қарастырылған. Өзіне деген сенімділіктің психологиялық механизмдері Р.Х. Шакуровтың жүйелі-динамикалық теориясын түсінуге көмектеседі. Ал, В.В. Макаров, Г.А. Макарова және т.б. өзіне деген сенімділік мәселесін қолданбалы психологиялық мінез тұрғысында зерделеген. Өзіне деген сенімділікті қалыптастыруды зерттеудің әдіснамалық рөлі келесідей пайымдауларды қамтиды: «Мен бейнесі» белгілі бір компоненттердің жиынтығынан тұрады..., олардың нақты мазмұны мен маңызы әлеуметтік және психологиялық

жағдайлар мен қарым-қатынаста өзгеріске ұшырап отырады. Адам тек «үйренеді», «жаңалық ашады» сонымен қатар өзін белсенді түрде қалыптастырады. Өзінің белгілі бір қабілеттерін сезу арқылы өзіне-өзі баға беру мен талаптарының деңгейлерін өзгертеді, сонымен қатар бұл қабілеттер тек қана байқалып қана қоймай, іс-әрекетте қалыптасады». Осы ретте, М. Розенберг моделінің: тұрақтылық (жеке тұлғаның өзі және оның «қасиеттері» туралы идеясының тұрақтылығы немесе өзгермелілігі); өзіне деген сенімділік (мақсаттарыңызға қол жеткізе алатындығыңызды сезіну); өзіне-өзі құрмет (өзін тұлғаретінде қабылдау, өзінің әлеуметтік және адами құндылығын тану); кристалдану (индивидтің өзі туралы түсініктерінің жеңіл және қиын өлшемдері) адамның өзіне деген сенімділіктің құрылымдық сипаттамаларын нақтылауды немесе «Мен бейнесін» қосатын өлшемдерді айтуға болады. Демек, өзіне деген сенімділік алдына қойған мақсатқа жете білу мүмкіндігін түсіну ретінде, сананың жеке компоненті немесе «Мен бейнесімен» қатар тұрақтылық, өзіне құрмет және кристалданумен (белгілі бір түрде құралу) сипатталады. Сондықтан, қазіргі кезде оқыту үдерісінде заманға сай, оқытудың жаңа педагогикалық әдістерін қолданамыз [8]. Сондықтан, қазіргі кездегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның креативтілік бағыттылығы мен сенімді тұлғасын қалыптастыру мәселесіне қызығушылықтың артуы жоғарыда қарастырған мәселелерді шешудің бағдары ретінде қарастырылып отыр. Демек, бүгінгі күні жоғарыда сөз болған мәселелерге сүйене отырып, болашақ педагог-психологтердің медиатеchnологияларды креативті пайдалануды енгізу олардың өзгерістерге бейімділігін қалыптастырады.

Нәтижелері. Біз теориялық талдау жасау арқылы, болашақ педагог-психологтердің өзіне деген сенімін оқу үдерісінде медиатеchnологияларды креативті қолдану арқылы арттырудың әдістемелігі жеткілікті түрде қарастырылмағандығын анықтадық. Қолданыстағы тұжырымдамалар әлеуметтік-педагогикалық жүйенің ашық түрде қоғамның

әлеуметтік институттарымен белсенді қарым-қатынасты құрайтын оқытушы тұлғасы мен студенттердің сұраныстары мен қызығушылықтарын, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие мақсатының интеграциясын жүзеге асыруды ескермеген. Болашақ педагог-психологтердің өзіне деген сенімділігін қалыптастыру тәжірибесіне теориялық талдау және зерделеу көптеген зерттеулердің концептуалды ережелердің тұжырымдамаларында, білімгерлердің өзіне деген сенімі, біріншіден, тәрбиеленушілердің өзін-өзі анықтау мен өзін-өзі дамытудың жеке әлеуетін белсендіруге бағытталған тұтас педагогикалық үдерістің нәтижесі; екіншіден, даралықты өзі жүзеге асыратын қабілетімен дәлелдейтін тұлғаның психологиялық, адамгершілік, интеллектуалдық ерекшеліктері; үшіншіден, адамның өзінің тұлғалық даралығының интегративті қабілеті. Ал, интеграциялау өзінде сенімділік қабілеттердің дамуына: өзін-өзі ұқсастыру, өзіне-өзі сенім, өзін-өзі ұсыну, өзін-өзі қамтамасыздандыруға себеп болады.

Болашақ педагог-психологтердің өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға оқытушылардың дайындығын негіздеу үшін Г. Рукавишникованың педагогикалық жоғары оқу орындарында білімгерлердің кәсіби өзін-өзі тануы туралы зерттеулері қызығушылық тудырды. Кәсіби тұрғыдағы өзіндік сана жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауының белгілі бір деңгейін сипаттайды. Кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтайтын тұлғаның кәсіби тобының іс-әрекетіне қойылатын талаптар: өзінің өмірлік мақсаттары, кәсіби салада өзін-өзі жүзеге асыруға байланысты жоспарлары, кәсіби ниеттері (нені қалайды), өзінің жеке және физикалық қасиеттері (ол кәсібилікті қалай түсінеді), өзінің мүмкіндіктері, қабілеттері, дарындылығы (ол не істей алады, өзін-өзі жетілдірудің шегі).

Кәсіби тұрғыда өзін-өзі тану арнайы іс-әрекеттің дамуын, қалыптасуын талап етеді, бірақ ол көбінесе өздігінен дамиды. Егер, педагогикалық қызметте осы үдерістің тиімділігін арттырудың қажеттілігі туындаса онда, тұлғаның танымдық іс-

әрекетін ұйымдастыру мен басқару, психологиялық жағдайлар мен оның даму принциптерін сақтау оң нәтиже береді [9]. Жоғары деңгейдегі оқытушылар үшін тәжірибенің барлық құрамдас бөліктерінің үйлесімділігіне негізделген үздіксіз өзін-өзі тану басқа адамдар арқылы өзін-өзі білуімен сипатталады. Оларға: өзін-өзі бағалау, тұлғалық, іс-әрекеттік кемшіліктерді ерекше сезу, өзінің шығармашылық жетістіктері мен сәтсіздіктерінің себептерін түсіне білу шеберлігі, өзінің іс-әрекетінің нәтижелерін талдау және қорытындылай білуімен қатар, басқа әріптестерінің жұмыстарымен салыстыра алу қабілеттері тиесілі. Осы ретте, жоғары деңгейдегі оқытушылар оқу-тәрбие міндеттерін шешуде сапалы білімге қол жеткізеді, яғни «студенттердің білім жүйесін моделдеп қана қоймай, оның қажетті құндылық бағдарлары мен тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады» [10]. Когнитивті (танымдық) ішкі құрылым оқытушының педагогикалық іс-әрекетінің жүйесін және онда тұлғалық қарым-қатынастың тұлғалық даму жүйесін қарастыруды қамтиды. Бірте-бірте оқытушыда өзінің белгілі бір педагогикалық жағдаяттарында, студенттер мен әріптестерінің берген пікірлеріне байланысты кәсібіне деген сенімділік немесе сенімсіздігінің тұрақты «Мен - концепциясы» қалыптасады [11]. Оқытушылардың өзіне берген эффективті (тиімді) бағалауы бүгінгі күндегі олардың мүмкіндіктерін (өзін-өзі бағалаудың өзектілігі), кешегі (ретроспективті бағалау) және болашақ жетістіктерін (потенциалды немесе идеалды өзін-өзі бағалау) сонымен қатар басқалардың ол туралы не ойлайтындығын бағалауды (рефлексиялық өзін-өзі бағалау) анықтайды.

Талқылау. Зерттеу барысында анықтағанымыз, оқытушы үшін ең маңыздысы - өзін-өзі бағалаудың жағымды болуын қалыптастырудың тиімділігі. Өзін жағымды қабылдайтын оқытушыда, өзіне деген сенімділігі артады, таңдаған мамандығына қанағаттанады, жұмысы тиімді болып, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады. Екінші дәлел, оқытушыларда

«Мен-концепциясының» жағымды болуы салдарынан олардың білімгерлерінің «Мен-концепциясының» оң болып дамуы. Үшіншіден, оқытушының өзіндік санасының кәсіби компоненті - мінез, яғни, өзінің білімінің негізінде әрекеттесу мен өзіне деген қарым-қатынасы. Демек, кәсіби өзін-өзі тану мәселесі оқытушы тұлғасының өзін-өзі анықтау мәселесімен тығыз байланысты. Сондай-ақ, студенттің жастық шақтан ересек өмірге өтудің басы, өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіруді бағалауды дамытудағы ең маңызды кезеңі ретінде байыпталады. Бұл құбылыстардың феномені тәжірибе барысында анықталды, олар: жеке даралық, бірегейлік, мінез-құлық пен іс-әрекеттегі мотив, жан дүниесінің тереңдігі.

Зерттеуші ғалымдардың [12; 13] студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауы соңғы кезең болып есептелетіндігі туралы пайымдауларына қол жеткізу үшін, тәжірибе барысында, студенттердің кәсіби өзін-өзі тану үдерісін басқаруын, өзінің кәсіби «Мен-концепциясын» қалыптастыру үшін ғана емес, сонымен қатар қажетті арнайы жұмыстар жүргізу керектігін зерделедік. Қорыта келгенде «болашақ мамандардың инновациялық даярлығын қалыптастыру оларға жүйелі инновациялық білім берумен жүзеге асады [14]. Педагогикалық тәжірибе барысында жүргізілген жұмыстар арқылы кәсіби өзін-өзі тану, болашақ педагог-психологтер үшін кәсіби даму үдерісінің нәтижелі болуының баға жетпес психологиялық факторы деген қорытынды шығаруға болатындығына көзіміз жетті. Алайда, болашақ педагог-психологтердің кәсіби тұрғыдағы өзіндік санасын қалыптастыру жұмысында кейбір анықталған келеңсіз тенденцияларда да баршылық, бұл дегеніміз – осы мамандықты басқару және оларда «Мен – кәсіби бейнесін» қалыптастыруға дер кезінде көмек көрсету үшін арнайы жұмыстардың қажеттілігінен байқалады. Бұл ретте, кәсіптік тәжірибеге болжамды нұсқаулықтарды ұсынамыз:

- болашақ мамандығына жағымды көзқарасты қалыптастыру;
- тәжірибелік қызметтің мотивациялық

әлеуетін, жоғары әлеуметтік мәнін көрсететін маңызды жақтарын ашу;

– студенттердің өзіндік тұлғасы мен іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін түсінуге бағытталған танымдық белсенділігін ынталандыру;

– студенттерде тұрақты, жүйелі өзін-өзі тануға, рефлексия мен кәсіби дамуға саналы қажеттілікті қалыптастыру;

– студенттердің адекватты «Мен – кәсіпкер бейнесін» қалыптастыруға ықпал ететін перцептивті-рефлексиялық және гностикалық білік пен дағдыларын қалыптастыру;

– «Мен – болашақ концепциясын» жағымды дамыту мен нығайту үшін әр түрлі әдістемелік жұмыстар жүргізу.

Зерттеушінің нақты ұсыныстары қоғамда адам өміріне белгілі бір дәрежеде өзгеріс енгізетін болғандықтан, «қоғам үшін оның рөлі мен қызметі маңызды» [15]. Демек, теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешу үдерісінде жеке тұлғаның еріктік құрылымы қалыптасып, міндеттердің қалай жүзеге асырылатындығы зерделенеді.

Болашақ маманның «Мен – кәсіби бейнесін» медиатехнологиялар арқылы мотивация тудырып, тұлғалық-бағдарлық креативтіліктерін қалыптастыру тиімді нәтиже береді деп ойлаймыз. Мысалы, оқу-таным үдерісінде (*Ескерту: пән мен тақырыптың мазмұнын ескере отырып*) студенттердің болашақ қызметіне психологиялық дайындық жағдайын қалыптастыру үшін практикалық сабақтарда төменде берілген тапсырмаларды қолдануға болады:

1. Қаныш Сәтбаев туралы Әлкей Марғұлан, Медеу Сәрсекеевтің мәліметтерін ескере отырып, газет-журналдардың редакциясына, теледидар мен киностудияға хаттар (біреуін таңдаңыз) және т.б. құрастырыңыз (қараңыз: Бейнбриж Жейсон, Гок Никола, Тайнан Лиз. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 592 бет).

2. Кез келген медиамәдениеттің ойын-сауық, демалыс, дыбыстық және басқа да

функцияларын ескеріп Inshot, Videoleap т.б. бағдарламаларын пайдалана отырып «бастапқы сәйкестендіру», «қайталама сәйкестендіру», «кешенді сәйкестендіру» бойынша диалог құрастырыңыз.

3. «Алпамыс батыр» жыры бойынша медиамәтіндегі жағымды және жағымсыз эмоциялар тудыратын эпизодтардың кезектесіп келетін тұстарына контент-талдау жасаңыз.

4. Аудиторияда соңғы жылдары ең танымал болған медиамәтіндердің (фильмдер, компьютерлік ойындар, телехабарлар және т.б.) жетістіктерінің мифке, фольклорға, жанрдың әсерлілігіне, «эмоционалды өзгерістер» жүйесіне, ойын-сауық, бақытты аяқталуы, авторлық интуиция (біреуін таңдаңыз) және т.б. экран өнерінің болуының себептеріне пікіріңіз.

5. Жарнамалық аннотация (жарнамалық басылымдар, тележарнамалар) бойынша медиамәтіндердің жаппай жетістіктеріне болжау жасаңыз. Оқыңыз: Қаныш Сәтбаев туралы 15 қызықты дерек (e-history.kz/kz/news/show/335/).

Жоғарыда берілген тапсырмалар арқылы болашақ педагог-психологтардың тыңдау, оқу, жазу, айту арқылы медиатехнологияларды креативті пайдалану олардың өзіндеріне деген сенімділігін арттырып қарым-қатынас стратегияларының мүмкіндіктерін арттырады.

Тыңдалымға байланысты стратегияларда: мәтіннің, суреттердің, кестелердің, сызбалардың аттарымен және сілтемелерімен таныса алады; осы мәтін бойынша мүмкін сөйлем құрастырады; мәтіннің мазмұнын алдын-ала болжайды.

Оқылымға байланысты: мәтіннің түрін анықтайды; негізгі идеясын түсінеді; автордың мақсатын анықтайды. Жазылымға байланысты: сөздікті пайдаланады; синоним сөздерді қолданады; мәтінге өзгерістер енгізе алады (қажет болса).

Айтылымға байланысты: қарапайым сөз тіркестерін пайдаланады; сөйлеушінің ойын өз сөзімен басқаша жеткізе алады; омоним, синоним, антонимдерді қолдана алады; жұмыс жоспарын құрастырады; өздерінің

сөйлейтін сөздерін медиа-ресурстардың түрлері арқылы жазады; жұмыс барысында қолданған стратегиялар негізінде қорытынды жасайды; орындаған тапсырмаларды курстастарымен талқылайды; сызбалар, кестелер құрастырады; өздері сөйлеген сөздерін тыңдап, жақсартуға болатын жерлерін атап өтеді.

Осы ретте, болашақ педагог-психологтер мамандығының студенттері кәсіби біліктілігіне қосымша көмек ретінде портфолионың түрлеріне материалдарын жинастырады. Мысалы,

– мақсаты бойынша: меншікті және студенттер өздері үшін құрастырады;

– мазмұны бойынша: жетістіктер портфолиосы; ой-толғаныс портфолиосы; мәселені шешуге бағытталған портфолио; тапқырлық портфолиосы.

Бұл кәсіптік практика кезінде қолдануда тиімділігін арттып әрі қарай өзіндік ойларының қалыптасуына негіз болады. Себебі, онда, топтық жұмыс нәтижелері; жобалар; креативті тапсырмалар; фотолар; графикалық ұйымдастырушылық: кестелер, сызбалар, диаграммалар, графиктер т.б.; сауалнамалар; интервьюдің сұрақтары мен жауаптар; орындалған тапсырмалар; бақылау күнделігі; оқу үдерісі туралы өз ойлары мен пікірлері; өзін-өзі бағалау жұмыстары; портфолионы құрастыру туралы оқытушыларға, жолдастарына жазған хаттары; оқу және үйрену немесе зерттеудің мақсаты бойынша тұжырымдамалары; портфолио тақырыбы бойынша жасаған баяндамалары; оқылған материалдардың (кітап, лекция, зерттеулер т.б.) конспектілері; зертханалық жұмыстарының сипаттары; медиатахнологияларды пайдалану арқылы жасалған креативті суреттері; өзінің жетістігін дәлелдейтін мақтау қағаздары, сертификаттары, өзіндік жұмыстары ойлары пікірлері, мінездемелер.

Нәтижесінде, орындайтын тапсырмалар кешенді түрде тұтастықта даярлығын, белсенділігін, құзыреттілік қабілеттерін дамытады; әр түрлі бағыттағы дидактикалық

мүмкіндіктерін анықтауға көмектеседі; медиатахнологияларды кеңінен қолдануға креативтілігі артады; дербестік, белсенділік, құзыреттілік қуаттары жетілдіріледі.

Қорытынды. Болашақ педагог-психологтердің бойында креативтілікті қалыптастыру жұмысының тиімділігіне қол жеткізу үшін білім беру үдерісінде тек интеллектуалдық (зияткерлік) функцияларды ғана емес, сонымен қатар олардың өзіне деген сенімділігіне күш беретін әр түрлі тәсілдер мен әдістерді біріктіру (ақпараттық дәрістер, әңгімелер, рөлдік жағдаяттар, психологиялық-педагогикалық және іскерлік ойындар, пікірталастар, тренингтер, эссе т.б.) арқылы әлеуметтік жағдайда мінез-құлық дағдыларының әлеуметтік-кәсіби тұлға ретінде қалыптасуына түрткі болу. Бұл, болашақ маманның медиатахнологияларды креативті пайдалану арқылы сенімділіктерін қалыптастыруға ықпал етіп, пәнаралық байланыстарының дамытушылық, дербестілік, танымдық белсенділік пен қызығушылықтарының маңызын одан әрі арттыруға септігін тигізеді.

Біздің пайымдауымызша, «Мен – кәсіби бейнесін» медиатахнологиялар арқылы креативтіліктерін қалыптастыру аса маңыздыларының бірі деп алуға болады. Оған, кәсіби өзін-өзі анықтаудың көрсеткіштері дәлел, яғни әлеуметтік (өзінің өмірінің мақсаты мен мағынасын түсінуі; қоғамның (таңдаған мамандығының талаптарына сәйкестігі); психофизиологиялық (жеке тұлғаның бағыттылығы, мамандықтың талаптарына денсаулығының сәйкестілігі); тәжірибелік бағыттылығы (мазмұнды білу, іс-әрекеттілік білік пен дағды, мамандық талаптары және т.б.) жатқызамыз. Сонымен қатар, оқу-тәрбие міндетін неғұрлым жеткілікті шешуді қамтамасыз ететін жағдай жасау, ол қандай да болса адамгершілік қасиетін қалыптастырып, болашақ маманның креативтілік іс-әрекетін қалыптастыруда медиатахнологияларды тиімді пайдалана отырып өзіндеріне деген сенімділіктерін арттыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы [Электрондық ресурс]: URL: <https://Zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (өтінім берілген күні: 03.03.2022).
- [2] Суханова Н.Т., Балунова С.А. Мультимедиа технология в образовании: Учебное пособие. – Н.Новгород: Мининский университет, 2018. – 124 с. [Электрондық ресурс]: URL: https://fileskachat.com/download/56567_78ce2a710637f4e9872ccd593d2eb61b.html (өтінім берілген күні: 03.03.2022).
- [3] Fedorov A., Levitskaya A. Synthetic Media Education Model Used in Commonwealth of Independent States (CIS). Media Education, 2019. 59(1): 30-36. DOI: 10.13187/me.2019.1.30 [Электрондық ресурс]: URL: (өтінім берілген күні: 03.03.2022).
- [4] Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2019. – 328 б.
- [5] Мардахаев Л.В. Социальная педагогика. – Москва, Берлин: Директ-Медиа, 2021. - 452 с.
- [6] Таубаева Ш., Максүтова И., Шагиев М. Повышение эффективности образовательных технологий на основе интегративного потенциала инновационной дидактики // Педагогика и психология. – 2021. – № 1(46). – С.14-22.
- [7] Саржанова Ф.Б. Ашық білім беру кеңістігінде студенттердің ақпараттық технологияларды пайдаланудың ғылыми-педагогикалық негіздері: философия докторы (PhD) диссертация. – Астана, 2016. – 176 б.
- [8] Абдикаримова Г.Ә., Турсынбаев А.З., Тастанов Ә.Ж., Алимкулова У.К., Абдрашова Э.Т. Жаңа технологияны білім саласында пайдаланудың маңызы // Педагогика и психология. – 2020. – № 4(45). – 58-66 бб.
- [9] Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. - 2019. – 608 б.
- [10] Кобдикова Ж.У., Белегова А., Булакбаева М.К., Толқынбаева А.К. Жоғары оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиялары // Педагогика және психология. – 2021. – № 4. - 83-94 бб.
- [11] Сокол Л., Фокс М.Г. Когнитивно-поведенческая терапия: Практическое руководство / Лесли Сокол, Марси Г. Фокс / пер.с англ. Н.С.Лавской – Киев.: Диалектика, 2021. – 384 с.
- [12] Балықбаев Т. Дистанционное обучения в КазНПУ имени Абая: модели и технологии // Физико-математические науки. – 2020. – № 3(71). – С.151-157.
- [13] Сейітқазы П.Б., Абдиркенова А.К. Медиабілім өмір бойы білім алудың басты шарты ретінде // Materials of the III International Scientific – Practical Conference «Integration of the scientific community to the global challenges of our time». Volume III. – Japan Kyoto, 2018. – 105-112 p. [Электрондық ресурс]: URL: (өтінім берілген күні: 03.03.2022).
- [14] Стукаленко Н.М. Педагогическая инноватика в профессиональной самореализации педагогов // Вестник Кокшетауского университета имени Ш.Уалиханова. – 2021. – № 2(4). – С.49-58.
- [15] Таубаева Ш. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: Оқулық. – Алматы, 2019. – 360 с.

References

- [1] Kazakstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы [Electrondyk resurs]: URL: <https://Zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (otinin berilgen kuni: 03.03.2022).
- [2] Suhanova N.T., Balunova S.A. Mul'timediatekhnologiya v obrazovanii: Uchebnoe posobie. - N.Novgorod: Miniiskij universitet, 2018. - 124 s. [Electrondyk resurs]: URL: https://fileskachat.com/download/56567_78ce2a710637f4e9872ccd593d2eb61b.html (otinin berilgen kuni: 03.03.2022).
- [3] Fedorov A., Levitskaya A. Synthetic Media Education Model Used in Commonwealth of Independent States (CIS). Media Education, 2019. 59(1): 30-36. DOI: 10.13187/me.2019.1.30 [Electrondyk resurs]: URL: (otinin berilgen kuni: 03.03.2022).
- [4] Elen Bitem, Rona Sharp. Pedagogikany cifrlyk dauirde kajta zerdeleu. XXI gasyrdagy okytu dizajny. – Almaty: Ul'ttyk audarma byurosy. – 2019. – 328 b.

- [5] Mardahaev L.V. Social'naya pedagogika. - Moskva, Berlin: Direkt-Media, 2021. - 452 s.
- [6] Taubaeva Sh., Maksutova I., Shagiev M. Povyshenie effektivnosti obrazovatel'nyh tekhnologij na osnove integrativnogo potenciala innovacionnoj didaktiki // Pedagogika i psihologiya. – 2021. - № 1(46). - S.14-22.
- [7] Sarzhanova G.B. Ashyk bilim beru kenistiginde studentterdin akparattyk tekhnologiyalardy pajdalanudyn gylymi-pedagogikalыk negizderi: filosofiya doktory (PhD) dissertaciya. - Astana, 2016. - 176 b.
- [8] Abdikarimova G.A., Tursynbaev A.Z., Tastanov A.Zh., Alimkulova U.K., Abdrashova E.T. Zhana tekhnologiyany bilim salasynda pajdalanudyn manyzy // Pedagogika i psihologiya. – 2020. - № 4(45). - 58-66 bb.
- [9] Shunk Dejl H. Okytu teoriyasy: Bilim beru kokzhiegi. – Almaty: Ultyk audarma byurosy. - 2019. – 608 b.
- [10] Kobdikova Zh.U., Belegova A., Bulakbaeva M.K., Tolkynbaeva A.K. Zhogary oku oryndarynda okytudyn innoviciyalyk tekhnologiyalary // Pedagogika zhane psihologiya. – 2021. - № 4. - 83-94 bb.
- [11] Sokol L., Foks M.G. Kognitivno-povedencheskaya terapiya: Prakticheskoe rukovodstvo / Lesli Sokol, Marsi G. Foks / per.s angl. N.S.Lavskoj – Kiev.: Dialektika, 2021. – 384 s.
- [12] Balykbaev T. Distancionnoe obucheniya v KazNPU imeni Abaya: modeli i tekhnologii // Fiziko-matematicheskie nauki. - 2020. - № 3(71). – S.151-157.
- [13] Sejitkazy P.B., Abdirkenova A.K. Mediabilim omir bojy bilim aludyn basty sharty retinde // Materials of the III International Scientific – Practical Conference «Integration of the scientific community to the global challenges of our time». Volume III. – Japan Kyoto, 2018. – 105-112 p. [Electrondyk resurs]: URL: (otinin berilgen kuni: 03.03.2022).
- [14] Stukalenko N.M. Pedagogicheskaya innovatika v professional'noj samorealizacii pedagogov // Vestnik Kokshetauskogo universiteta imeni Sh.Ualihanova. – 2021. - № 2(4). - S.49-58.
- [15] Taubaeva Sh. Pedagogikalыk zertteulerdin adisnamasy men adisteri: Okulyk. – Almaty, 2019. - 360 s.

Формирование уверенности в себе у будущих педагогов-психологов через креативное использование медиатехнологий

М.Т. Кошанова¹, Д.С. Какабаева¹, А.К. Абdirкенова², Г.К. Токкулинова³, Ж.Т. Кошанова⁴
¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева (Нур-Султан, Казахстан),
²Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова (Костанай, Казакстан),
³Академия Кайнар (Алматы, Казакстан),
⁴Северо-Казакстанский государственный университет имени М.Козыбаева
(Петропавловск, Казакстан).

Аннотация

В статье изучаются теоретические и практические подходы и особенности креативного использования медиатехнологий для повышения у обучающегося уверенности в себе. В ходе исследования рассматриваются взгляды ряда зарубежных ученых, занимавшихся вопросами самопознания будущего специалиста, и суждения казахстанских ученых, внесших огромный вклад в совершенствование профессиональных компетенций. В креативном использовании медиатехнологий в различных аспектах проводится анализ особенностей саморегуляции психических механизмов, самосознания и уверенности в себе в познавательном и эмоциональном общении с собственным «Я», его сущности и содержания роли. Также проводится сравнительный анализ целей и задач, поставленных перед обучающимися, значения условий развития социальной среды и их самостоятельной роли для выявления навыков и умений «оценивать». Через «самореализацию», «самооценку», «самоопределение», «саморазвитие», «самопознание», посредством эффективного использования медиатехнологий определяется то, что креативность является способом формирования уверенности в себе.

Ключевые слова: креативность; самореализация; компетентностный; уверенность в себе; самодостаточность; медиатехнологии.

Formation of self-confidence in prospective teachers-psychologists through the creative use of media technologies

M.T. Koshanova^{1}, D.S. Kakabaeva¹, A.K. Abdirkenova², G.K. Tokkulina³, Zh.T. Koshanova⁴*

¹L.N.Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan),

²A.Baitursynov Kostanay regional university (Kostanay, Kazakhstan),

³Kainar Academy (Almaty, Kazakhstan),

⁴M.Kozybaeva North Kazakhstan State University (Petropavlovsk, Kazakhstan)

Abstract

The article examines theoretical and practical approaches and features of the creative use of media technologies to increase the student's self-confidence. In the course of the study, the views of a number of foreign scientists who dealt with the issues of self-knowledge of the future specialist, and the judgments of Kazakhstani scientists who have made a huge contribution to the improvement of professional competencies are considered. In the creative use of media technologies in various aspects, the analysis of the features of self-regulation of mental mechanisms, self-awareness and self-confidence in cognitive and emotional communication with one's own self, its essence and the content of the role is carried out. A comparative analysis of the goals and objectives set for students, the significance of the conditions for the development of the social environment and their independent role for identifying skills and abilities to "evaluate" is also carried out. Through "self-realization", "self-esteem", "self-determination", "self-development", "self-knowledge", effective use of media technologies, it has been determined that creativity is a way of building self-confidence.

Keywords: creativity; self-realization; competent; self-confidence; self-sufficiency; media technologies.

Редакцияға 03.04.2022 қабылданды

FTAMP 14.07.07

<https://doi.org/10.51889/2022-2.2077-6861.26>

Б.Б. САДЫҚОВА¹, Ұ.Ә. ЕСНАЗАРОВА¹, А.А. ТОҚБЕРГЕНОВА¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан),
bagila_95_12@mail.ru

**ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАНЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СУБЛИМАЦИЯ МЕН АУЫТҚУ**

Аңдатпа

Уақыт көрсетіп отырғандай, Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту әдістері (ҚОӘ), қашықтықтан оқыту кезінде орта және жоғары оқу орындарындағы оқыту үрдісінде бейне дәрістер белсенді және табысты қолданылғанына қарамастан, пандемияға жеткілікті дайын болмады. Орта және жоғары оқу орындарында ҚОӘ-ні қолданудың 2 жылдық тәжірибесі бізге осы технологияның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға және оны дамытудың болашақ траекториясының контурларын анықтауға мүмкіндік берді. Пандемия кезінде қашықтықтан оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері көптеген авторлардың еңбегінде терең талданып, төтенше жағдайларда қашықтықтан оқытуға балама жоқ екенін негіздеді. Біз мақаламызда осы еңбектерге сүйене отырып, ҚОӘ психологиялық-педагогикалық негіздеріне ерекше тоқталғымыз келеді. Өйткені ҚОӘ жағдайында психологиялық – физиологиялық процестердің танымдық қызмет технологиясын жеткілікті түрде қамтымайды. Қашықтықтан оқытуда мектеп мұғалімдері мен университет оқытушылары ең алдымен,